

Қазақстан Республикасы экология және
табиғи ресурстар министрлігі



«Қазгидромет» РМК

2025 ж. «28-30» маусым күндеріне арналған

**Қазақстан Республикасының таулы аймақтары бойынша жауын-шашындық генезисі
бар сел қаупінің күнделікті бюллетені №39**

(Бюллетеньнің қолданылу мерзімі: 2025 жылғы 27 маусым сағат 20:00-ден 30 маусым сағат 20:00-ге дейін)

құрастырылған күні: 27.06.2025 ж.

Мекен жайы: Алматы қ., Абай көшесі, 32
Астана қ., Мәңгілік ел,

Сел үдерістерін зерттеу және
селді болжау басқармасының
басшысы:

Яфязова Р.

тел.: 8(727) 267-53-38

e-mail: seli@meteo.kz

Кезекші синоптик:

Азилкыясова Л.

тел.: 8(7172) 79-83-75

e-mail: ukpp@meteo.kz

2025 жылғы «28-30» маусымға

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру

Облыстар	Сел қауіп бар аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Қар дақтары жатыр. Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-те 4252 м биіктікте болды. Ауа температурасы төмендеді, орташа тәуліктік 1,6 °С, орташа түнгі 6,9 °С. Мұздықтардың еруі жалғасуда, өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалмайды. Орта таулы аймақтағы топырақтың ылғалдануы жоғары. 28 маусымда кей уақытта жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 29, 30 маусымда өткінші жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Күнгей Алатауы	Қар жамылғысы 4000 метрге жуық және одан жоғары жатыр. Ауа температурасы төмендеді, орташа тәуліктік 1,4 °С, орташа түнгі 1,6 °С. Мұздықтардың еруі жалғасуда, өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалмайды. 28 маусымда кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 29, 30 маусымда өткінші жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Теріскей Алатау	Ауа температурасы төмендеді, орташа тәуліктік 3,2 °С, орташа түнгі 1,9 °С. Мұздықтардың еруі жалғасуда, өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалмайды. 28 маусымда кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 29, 30 маусымда өткінші жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Жетісу	Жетісу Алатауы	Қар дақтары жатыр. Ауа температурасы төмендеді, орташа тәуліктік 0,4-3,7 °С дейін, орташа түнгі 1,5-3,8 °С. Мұздықтардың еруі жалғасуда, өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалмайды. 28 маусым жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 29, 30 маусымда өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Қар дақтары жатыр. Ауа температурасы төмендеді, орташа тәуліктік 4,1 °С, орташа түнгі 2,4 °С. Мұздықтардың еруі жалғасуда, өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалмайды. 28 маусымда күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 29, 30 маусымда өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Талас Алатауы	
Түркістан	Талас Алатауы	Ауа температурасы төмендеді, орташа тәуліктік 0,2 °С, орташа түнгі 2,8 °С. Мұздықтардың еруі жалғасуда, өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалмайды. 28 маусым жауын-шашынсыз болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 29, 30 маусымда күндіз өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Өгем жотасы	
Маңғыстау	Маңғыстау таулары	Ауа температурасы өсті, орташа тәуліктік 3,8 °С, орташа түнгі 2,0 °С. 28 маусым жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 29, 30 маусымда жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Абай	Тарбағатай	Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,7 °С өсті, орташа түнгі 0,8 °С төмендеді. 28 маусым жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 29, 30 маусымда жаңбыр (1-3 мм),

		найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Шығыс Қазақстан	Сауыр	Ауа температурасы өсті, орташа тәуліктік 0,9 °С, орташа түнгі 2,4 °С. 28 маусымда күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 29, 30 маусымда жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Қазақстандық Алтай	Ауа температурасы өсті, солтүстік-батыс бөлігінде орташа тәуліктік 3,4 °С, орташа түнгі 2,9 °С, оңтүстік-шығыс бөлігінде орташа тәуліктік 0,9 °С, орташа түнгі 1,6 °С. 28 маусымда кей жерлерде жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-18 мм), найзағай, күндіз кей жерлерде бұршақ, дауыл. Қазақстанның Алтай тауларында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз. 29, 30 маусымда жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі (1 Қосымша)

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (2 Қосымша)

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Селдің қалыптасу ықтималдығы	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 30 мм (өте қатты жаңбыр) және нақты жауған сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 40 мм	Сұйық жауын-шашынның өте қатты жауу ықтималдығы және ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның нақты жаууы (≥ 40 мм)	Халық пен шаруашылық нысандары үшін үлкен қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның (≥ 40 мм) жауу ықтималдығы	Халық пен шаруашылық объектілері үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының салыстырмалы түрде төмен мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның (≥ 40 мм) жауу ықтималдығы	Төмен таулы аймақта селдің пайда болу аймағында адамдар үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдарына және халыққа хабарлау.
	Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы.	Селдің қалыптасу жағдайлары жоқ	Қауіптілік жоқ	Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу

Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

Тауларға бару және онда болу жоспарланғанда, ауа райының өзгерістерін және дауылды ескертулерді бақылау қажет. Сел қауіпі туындаған жағдайда, сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау керек. Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.

2025 жылғы «28» маусымға
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы

Іле Алатау	Кей уақытта жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Солтүстік-шығыстан жел соғады 9-14 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 18-23 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 8-13 градус жылы.
Күнгей Алатау	Кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Солтүстік-шығыстан жел соғады 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 18-23 градус жылы.
Теріскей Алатау	Кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Солтүстік-шығыстан жел соғады 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 18-23 градус жылы.
Жетісу Алатау	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 14-19 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 1-6, күндіз 12-17 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Солтүстік-шығыстан соғатын жел солтүстік-батыс желіне ауысады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 26-31 градус жылы болады.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Солтүстік-шығыстан соғатын жел солтүстік-батыс желіне ауысады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 26-31 градус жылы болады.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Жауын-шашынсыз болады. Оңтүстік-батыстан солтүстік-батысқа ауысатын жел соғады, күші 8-13 м/с, 28 маусымда күндіз екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 17-22 градус жылы.
Өгем жотасы	Жауын-шашынсыз болады. Оңтүстік-батыстан солтүстік-батысқа ауысатын жел соғады, күші 8-13 м/с, 28 маусымда күндіз екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 9-14, күндіз 19-24 градус жылы.
Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Жел батыстан, солтүстік-батыстан, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, күндіз 27-32 градус жылы.
Сауыр	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 12-17, кей жерлерде 7, күндіз 20-25, кей жерлерде 15 градус жылы.
Тарбағатай	Жауын-шашынсыз. Оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, күндіз 22-27, кей жерлерде 31 градус жылы.
Қазақстандық Алтай	Кей жерлерде жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-18 мм), найзағай, күндіз кей жерлерде бұршақ, дауыл. Оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, кей жерлерде 18, күндіз 22-27, кей жерлерде 18 градус жылы.

2025 жылғы «29-30» маусымға арналған
ҚР таулы аумағы бойынша консультативтік болжам

Алматы: 29-30 маусымда өткінші жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Ауа температурасы 29 маусымда түнде 5-10, күндіз 18-23 градус жылы, 30 маусымда түнде 3-8, күндіз 15-20 градус жылы.

Жетісу: 29-30 маусымда өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Ауа температурасы 29-30 маусымда түнде 7-12, күндіз 19-24 градус жылы, 30 маусымда 17-22 градус жылы.

Жамбыл: 29-30 маусымда өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы 29 маусымда түнде 9-14, күндіз 22-27 градус жылы, 30 маусымда түнде 7-12, күндіз 22-27 градус жылы.

Түркістан: 29 маусымда күндіз өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Солтүстік-шығыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 8-13, 23 маусымда екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы 29 маусымда түнде 7-12, күндіз 22-27 градус жылы, 30 маусымда түнде 4-9, күндіз 25-30 градус жылы.

Маңғыстау: жауын-шашынсыз. Ауа температурасы 29 маусымда түнде 16-21, күндіз 20-25 градус жылы, 30 маусымда түнде 18-23, күндіз 22-27 градус жылы.

Абай: 29 маусымда күндіз, 30 маусымда тәулік бойы жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы 29 маусымда түнде 10-15, күндіз 25-30 градус жылы, 30 маусымда түнде 8-13, күндіз 23-28 градус жылы.

Шығыс Қазақстан: 29 маусымда күндіз, 30 маусымда тәулік бойы жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы 29 маусымда түнде 7-12, күндіз 15-20 градус жылы, 30 маусымда түнде 7-12, күндіз 12-17 градус жылы.